

МЫРЗАТАЙ ЖОЛДАСБЕКОВ

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Төтенше және өкілетті елшісі, ғалым-жазушы Мырзатай Жолдасбеков туралы айтар ойдың да, сөйлер сөздің де ұшы-қиыры жоқ. Сондықтан мен Мырзекеңнің өнегелі өмірінің осыдан қырық жыл бұрынғы бір сәтінің сәні мен мәні төңірегінде сөйлесем деп тұрмын. Ол тұста туған әдебиетіміздің тамыр тартқан тереңі туралы ашық сөз айтып, батыл ой толғаудың өзі көкейге қона бермейтін алабөтен ерекше іс болатын. Алайда пайым мен парасат барда ақиқаттың танылмауы да, оны танымау да мүмкін емес. Қазақ әдебиеттану ғылымының осы саласындағы алғашқы арнайы зерттеуді – Мырзатай Жолдасбековтің қазақ әдебиеттану ғылымындағы жаңа бағытқа ұласқан монографиялық еңбегін – ғылыми қауым, әуелде сақсынса да, соңынан қызығып әрі қуанып қабыл алды. Университет аудиториясында білімі мен білігін, ақылы мен ойын теңіздей толқытып, дариядай шалқытқан М.Әуезовтен үш жыл бойы лекция тыңдау, көз майын тауысып аспирантурада оқу өз жемісін берді: зерттеудің қазақ әдебиеті мен қазақ әдебиеттануы үшін мәдени-әлеуметтік маңызы мен мәні туралы биік баға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының 1968 жылғы 6 шілдедегі мәжілісінің хаттамасында алғаш рет ресми түрде көрініс тапты. Кафедра зерттеу еңбекті филология факультетінің ғылыми кеңесіне қорғауға ұсынды. Зерттеудің ресми төрешісі, ғұлама ғалым, академик Әлкей Марғұлан 1969 жылы 12 мамырда қазақ әдебиетшілері мен тілші ғалымдарының қаймағы түгел жиналған осы кеңесте: “Мырзатай Жолдасбековтің зерттеуінің құндылығы онда қазақ әдебиетінің байырғы бастауларының ашылғандығында. М.Жолдасбековтің еңбегі қазақ әдебиетінің бастау көздерін зерттеудегі алғашқы адым әрі қазақ әдебиеттануына қосылған қомақты үлес болып табылады”, – деп, жас ғалым қол жеткізген ғылыми жетістіктерді өте жоғары және барынша әділ бағалады. Зерттеуге ғылыми жетекшілік жасаған қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, профессор Бейсембай Кенжебаевтың пікірінде де зерттеудің даралығы мен жаңалығы, мәдени-әлеуметтік құндылығы, ғылыми және практикалық мәні сараланды. Ғылыми кеңес мәжілісінің стенограммасында кеңес төрағасы Мәулен Балақаевтан бастап, Әбділда Тәжібаев, Хайролла Махмұдов, Кәкен Аханов, Ісмет Кенесбаев секілді бүгінде фәниден бақиға көшкен үлкен ғұламалардың да сөздері сақталған. Бәрі де зерттеуші еңбегінің құндылығын таныған әрі автордың адамгершілік келбетіне көңілдері толып, болашағынан көп үміт күткен. Академик Ісмет Кенесбаев қазақ филологиясына М.Жолдасбеков секілді шығармашылық келбеті келісті, болашағы зор зерттеуші келгеніне қуана отырып, былай деді: “Мен зерттеушінің қарапайымдығын ерекше атап өткім келеді. Ғылымға пайдалы қыруар іс атқарып тастағанына қарамастан, өзінің қарапайым қалпынан жазбайтын осы бір келісті жасқа қараудың өзі әдемі әсерге бөлейді. Мырзатай Жолдасбековтің еңбекқорлығы мен қарапайымдығы туралы мен бұл жерде әдейі атап айтып тұрмын. Өйткені

мұнда ғылым айдынына жаңадан шыққан біздің көптеген жас әріптестеріміз отыр. Оларға еңбекқорлық пен қарапайымдық туралы ескерту, қайталап ескерту және ескерту дұрыс болмақ”.

Ой түбінде жататын, сыртқа ерекше тебіреніс толқынымен ғана шығатын таза мінсіз асыл сөз деген осындай болатын шығар. Кеңес үстінде небір сөз асылдары айтылды. Оларда жас ғалымның талант даралығы мен мінез байлығын қалыптастырған Мұхтар Әуезов, Нығмет Сауранбаев, Ісмет Кеңесбаев, Есмағамбет Ысмаилов, Бейсембай Кенжебаев, Мәулен Балақаев, Мұхаметжан Қаратаев, Темірғали Нұртазин, Мәлік Ғабдуллин, Зейнолла Қабдолов сынды ғұлама ұстаздардың да, университеттің де жарық-жылуы келісті жарастық тапқан еді. Сол жарық пен жылу жас ғалымның жаны мен жүрегін баурады, сол жарық пен жылу жас ғалымның зердесінен кейінгі өмірінің өне бойын нұрландырған жасампаз қуат көзін ашты, сол жарық пен жылу жас ғалымның алдағы өмір жолына дәл бір Прометей отындай сәуле шашып, сәулет берді. Осы тұста Мырзекеңнің аяулы ұстазы, аға-досы ардақты Зекеңнің, марқұм Зейнолла Қабдоловтың, мына бір сөзі еске түседі: “Асылы, жер бетінде университет секілді қастерлі орын сирек. Университет адамдар зердесінде ұшқын атып, жалын шашып, мәңгілік маздап тұрған Прометей оты. Бұл аз. Университет – елдің есеюі”.

Иә, университет Мырзекеңді есейтті, көңілін гүлді, өмірін нұрлы етті. Университет Мырзекеңнің зердесінде қазіргі шақта да Прометей отындай маздап жанып, ұшқын атып, жалын шашып тұрған болар деп ойлаймын.

Мырзекеңнің біз білетін ұстаздары, ғылымның шыңына шыққан ғұламалар ғылым адамдарын үш топқа бөлетін: бірінші топтағы ғалымдар санаулы ғана, бірақ олар алда тұрады және бар күш-жігерін ғылым мен білімді, мәдениетті, адамзат қауымы мен қоғамды алға асыруға жұмсайды. Ғылым жолындағы бар ауыртпалық пен қиыншылықты қара нардай қайыспай көтеретін де осылар. Бұлар – ілгерішіл, нағыз ғұлама жандар. Екінші топтағылардың қарасы көп, олар алдағы ғұламалардың ілгерішіл істеріне қолқабыс та жасамайды, кедергі де келтірмейді, өздері іргелі іс тындырмайды, бірақ көштен де кейін қалмайды. Үшінші топтағылар керуеннің соңында болады. Бірақ ғылым мен білімнің, мәдениеттің, адамзат қауымы мен қоғамның дамуына бұлар да мүдделі.

Мырзатай Жолдасбековтің дәріс тыңдап, тәлім алған ұстаздары, көне түркі жазба ескерткіштерінің қазақ әдебиетіне қатысы туралы зерттеу еңбегі хақында пікір айтқан, жоғарыда аттары аталған ғалымдар осы үш топтың біріншісіндегі, бірен-саран болса да, бірегей, бар күш-жігерін ғылым мен білімді, мәдениетті, қауым мен қоғамды алға асыруға жұмсаған ілгерішіл, қазақ филологиясының көш басындағы арыс азаматтар еді. Мырзекең үлкен адамгершілігімен, биік парасатымен, қанатты қиялымен, тамаша талантымен осы топтағы ғұламалардың, ұлағатты ұстаздарының қатарына қосылды. Өзін мәпелеп өсірген, көкірегінен ұлттық ұлы мұрат шырағын жаққан университетінде солармен қатар жүрді, бірге қызмет етті, күні толғанда, олардан қара үзіп, алға шықты.

Мырзатай Жолдасбеков, осылайша, ірі ғылыми жаңалық ашып, қазақ әдебиетінің түп-төркінін VIII ғасырдан, Орхон ескерткіштерінен бастау туралы ғылыми идеяны бірінші болып іске асырды, сөйтіп, қазақ әдебиетінің тарихын он ғасырға байытып, мың жылға тереңдетті, қазақ әдебиеті ғана емес, тұтас түркологияны дүр сілкіндірген елеулі табыстарға жетті. Мырзекеннің қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі мен қазақ халқының жыраулық, ақындық өнері туралы зерттеулері мен зерделеулері, сараптаулары мен саралаулары ұлттық мәдениетіміздің баға жетпес қымбат құндылығына айналды.

Ғалымның зерттеу еңбектерінің нәтижесінде Қазақ ұлттық университеті республикада бірінші болып қазақ әдебиетінің тарихын жаңаша дәуірлеп, жаңаша оқыта бастады. Сол жаңалықтар арнасында дайындалған “Ежелгі дәуір әдебиеті” атты оқу пәнін Мырзекеннен оқыған студенттер легінің кеуде тұсында біздер де болдық. Ол кезде ұстазымыздың алмастай жалт-жұлт еткен жігіт шағы. Сабағының әр сәтін, айтар ойының әр сатысын түркология іліміне негіздеп, ұлттық мазмұнға, халықтық мәнге бөлейді. Әдебиет сабағы Мырзекеннің оқытушылық әлемінде бірде тіл білімімен, бірде тарихпен, бірде пәлсапамен, бірде мемлекеттік саясатпен, енді бірде археологиямен, тіпті үңгіртанумен де сабақтасып, тұтасып жатар еді. Ғалым көне түркі жазба ескерткіштерінің толық атласын жасау, ежелгі әдебиет ескерткіштерінің табиғи көшірмесін жасап, университеттің алдындағы ашық алаңға қою туралы арманы жайында да ағынан ақтарылып сыр қозғайтын. Сонымен қатар, лектор өз лекциясында ежелгі дәуір әдебиетінің Қазақстандағы туған, өсіп-өнген ғылыми ортасы Қазақ ұлттық университеті екендігіне де аса зор мән беріп, соны үлкен мақтанышпен, бек қанағаттанғандық сезіммен толғанып айтатын.

Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің 1955-1960 жылдардағы студенті бүгінгі күнге дейін халықтың ұлы мұратына бастаған ұзақ жолда өнегелі де өркенді үлкен өмір сынынан өтті. Біздің білуімізше, Халықтың ұлы мұраты күн іспетті. Оған қарай жүрген адамның алды да, айналасы да жарық. Ал одан теріс айналған адам алдынан өзінің көлеңкесін ғана көрмек. Мырзатай Жолдасбеков күнге бет алды – өзі білім алған факультеттің аспиранты, оқытушы-ұстазы, деканы, одан соң І.Жансүгіров атындағы Талдықорған педагогикалық институтының ректоры (1977 – 1987) бола жүріп, халқының ұлы мұратына қызмет етті, Қазақстан жоғары мектебінің көрнекті басшысы әрі ұйымдастырушысы болып қалыптасты. Бұл ретте халқымыздың асқан қайраткер ұлы, заманының заңғар тұлғасы Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековтің қолдауы мен қорғауы, ақылы мен кеңесі, тәрбиесі ерекше маңызды болды. Одан беріде Оқу министрі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеология бөлімінің меңгерушісі, Президенттік кеңестің мүшесі, Мемлекеттік кеңесші, Премьер-министрдің орынбасары, Президент кеңесшісі (1987 – 1993), Қазақстанның Иран Ислам республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі (1993 – 1999), Дипломатиялық Академия ректоры (1997 – 1999), Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры (2000 – 2004), Еуразия

гуманитарлық зерттеулер ғылыми орталығының директоры (2004 – 2006) қызметтерін атқарған жылдары да Мырзекең халқымыздың ұлы мұраты жолында маңдай терін төгіп, түн ұйқысын бөліп, аянбай еңбек етті, ақыл-ой қуатын, жүрек отын еліміздің ғылымы мен білімінің дамуына, әдебиеті мен тілінің, мәдениеті мен өнерінің өсіп, өркендеуіне арнады, Алаш ардақтыларының аты мен шығармашылығын, қоғамдық және мемлекеттік қызметін ақтауға, қоғамдық сананың жаңаруына, ұлттық идеяның салтанат құруына, ұлттық рух туының биікте желбіреуіне, мемлекеттігіміздің нығаюына өлшеусіз үлес қосты, Елбасының кеменгер кеңесшісі, сенімді серігі болды. Қазақстан Республикасы Президенттік мәдениет орталығының директоры қызметін атқарып жүрген қазіргі шақта да Мырзекең күшқайратын, білімі мен тәжірибесін еліміздің өркендеуі жолында жұмсауда.

Бүгінде Мырзатай Жолдасбеков – қоғамдық сананы, ғылыми ойлар қорын байытқан “Ежелгі әдебиет нұсқалары”, “Асыл арналар” (1986, 1990), “Жүз жыл жырлаған жүрек” (1992), “Жамбыл және оның ақындық ортасы”, “Асыл сөздің атасы” (1996), “Ел тағдыры – ер тағдыры” (1997), “Елтұтқа” және басқа іргелі ғылыми зерттеу еңбектердің авторы. Бұл еңбектердің бірқатары Қытайда, Түркияда, Иранда және басқа елдерде жарық көріп, әлем жұртшылығының игілігіне айналды. Автордың ғылыми-шығармашылық еңбектері бірнеше іргелі елдердің ірі ғылыми орталықтарында жоғары бағаға ие болды, өзі бірнеше елдің ғылым академияларына мүше, университеттеріне құрметті профессор болып бекіді. Қазақ әдебиетінің ежелгі жазба ескерткіштерінің толық атласын жасау, табиғи көшірмесін жасап, университет алаңына қою, сөйтіп оларды елдің, еліміздің өсер өркенінің рухани байлығына айналдыру туралы баяғы биік арманына жетті. Мырзекеңнің жүріп өткен жолына осы биіктен қарай қалған көз қазақ аспанында сайрап жатқан құс жолын көргендей болар деп ойлаймын. Кісінің көкірек-көзі Мырзатай Жолдасбековтің ел игілігі үшін төккен терінің әр тамшысы сол жолда бір-бір жұлдыз болып жанып тұрғанын да көрмей қалмас-ау.

Мырзекеңнің өткен жолын құс жолындай ақ даңғылға айналдырып, арманына жеткізген құдірет-күштің бірі – оның халқына деген, халқының рухани асыл байлығына, ұлы мұратына деген шексіз құрметі. Мырзатай Жолдасбеков – туған халқын, туған халқының рухани асыл байлығын, ұлы мұратын шексіз құрмет тұтқан, құрмет тұтып келе жатқан көрнекті мемлекет қайраткері. Мұндай құрмет халықтық пайым мен халықтық парасаттан шығады. Мырзатай Жолдасбеков – осындай халықтық пайым мен халықтық парасаттың ғалымы. Кісі өзі шексіз құрметтеген нәрсесін әрқашан шетсіз сүйе бермейді. Белгілі бір өмір құбылысын қаншалықты шексіз құрметтесе, оны соншалықты шетсіз сүйе әрбіреудің басынан табыла беретін қабілет емес. Ол – ілуде біреудің, онда да өздеріңіз сияқты ғылым мен білімнің ұлықтары мен ұлылары бас қосқан ұлттық университет түлегінің ғана бойына даритын ерекше қасиет. Мырзекеңнің маңдайын жарқыратып, оң жолға, биік мақсатқа бастаған құдірет-күштің енді бірі осы болса керек. Мырзекең – туған халқын, туған халқының әдебиеті мен мәдениетін, ғылымы мен білімін,

рухани асыл қазынасын шексіз құрметтеумен бірге шетсіз сүйетін ғұлама. Бүгінде ел ағасы жасына жеткен көрнекті қоғам және мемлекет қайраткерінің ақылы мен жүрегі, ойы мен сезімі ғана емес, ғылыми жұмысы мен ұстаздық ұлағаты, азаматтық үлгісі, қоғамдық һәм мемлекеттік қызметі, туған халқының әдебиеті мен өнеріне, ғылымы мен біліміне сіңірген ерен еңбегі түгелдей осы құрметке, осы сүйіспеншілікке, туған халқына деген шексіз құрмет пен шетсіз сүйіспеншілікке, толы. Меніңше, бұл ағалық қасиеттің ғана емес, даналық қасиеттің де көрінісі. Бұл – Мырзекеннің өзі түлеп ұшқан, қабырғасында үздіксіз он жеті жыл қызмет атқарған университетінен тапқан асыл байлығының, сырлы қазынасының сөнбейтін жарығы, өшпейтін жарқылы. Ел ағасы ердің көркі осындай даналық болғанда, даналықтың көркі – қарапайымдылық, ал қарапайымдылықтың көркі – ақ терін ағызған адал еңбек. Мырзатай Жолдасбековтің ойы мен бойында осы үш көріктінің үшеуінің де сәулесі мен сәулеті бар. Сондықтан да Мырзекеннің алды нұрлы, айналасы сәулетті.

2007